

Қара-Мурза ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 34/7-IV шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 379 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 5-7-102 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Қара-Мурза ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Қара-Мурза ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жер орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Бопаев Ж. Ж.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

*Сессия төрағасы,
Ж. МАРАЛОВ*

Аудан әкімі

К. БАЙГОНУСОВ

Б і р л е с к е н
Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 379 қаулысы мен

№ 34/7-IV шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Канонерка ауылдық округінің
Кара-Мурза ауылының елді мекендерінің
Экспликациясы**

Ж е р пайдаланушылардың атауы	Барлық жобадағы жерлер, га	Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекенге бекітілді , га	Барлық а/ ш алқаптары , га	олардан:			өзге де жерлер , га	олардан:	
					Егістік , га	Шабындық , га	Жайылым , га		Құрылыс үшін	ав
Канонерка ауылының жерлері	938,0	19,0	919,0	861,4	-	6,8	854,6	57,6	-	11
Кара-Мурза ауылының жерлері	453,0	3,0	450,0	447,9	7,0	-	440,9	2,1	-	
Босалқы жерлер	117,0	-	117,0	66,6	-	-	66,6	50,4	48,4	1,0
«Каирханов Б.» ш/к	20,0	-	20,0	20,0	-	-	20,0	-	-	-
Жоба бойынша елді мекеннің аумағы	1528,0	22,0	1506,0	1395,0	7,0	6,8	1382,1	9,5	48,4	12